

«ТАЗА ТАБИҒАТ» АКЦИЯСЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Наурыз мейрамы қарсаңында Тұңғыш Президент атындағы саябақта өткен ағаш отырғызу рәсіміне қатысты. Шара «Таза табиғат» акциясы аясында ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында республика көлемінде «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылуда.

— Бабаларымыз аз Наурыз келгенде бұлақ-тың көзін ашып, ағаш отырғызуды дәстүрге айналдырған. Туған жер табиғатын қадірлеу – азаматтық парызымыз десек, ауламызға тап егіп, туып-өскен аймағымызды қалаландыру өмір салтына әрі күнделікті дағдымызға айналуы тиіс. Сыр халқы осы игілікті іске белсене араласуға шақырамын, – деді облыс әкімі.

«Таза табиғат» акциясына 6 мыңнан астам тұрғын қатысып, жергілікті жерде өсетін 20 мыңнан астам сыр талы, қарағаш және жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызуда.



«СӘЛИМА АНА» МУЗЕЙІ АШЫЛАДЫ



«Аты аңызга айналган
түлганың өмірі мен еңбек
жолын насихаттау біздің
міндетіміз. Себебі алдыңғы
көшке карап, кейінгі ұрпақ
бөл түзейді. Біз ол кісінің
есімін ұлықтау мақсатында
26-27 наурыз күндері қала
мен түгін жері Қариақшы
ауданы, Тұрмағамбет
Ізтілеуов ауылында
ауымды іс-шаралар
ұйымдастырмақпыз.
Мәселен, осы күндері
қаламызда батыр аның
тұрған үйінде мемориялық
тақта орнатылады. Сондай-
ақ, үйі «Сәліма ана» атты
қоғамдық музейі айналып,
онда архивтік құжаттар

мен наградалары, фото суреттері мен жеке заттары қойылады», – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова.

Батыр ана құрметіне орай студенттер арасында Сәлима Жұмабекқызының мұражайын цифрландыруға арналған конкурс өткізіледі. Оған ІТ саласына қызығатын жастар қатыса алады. Конкурс үздігіне Сәлима Жұмабекқызының ұрпақтары атынан 150 мың теңге қаржылай сыйақы беру жоспарланған.

– Еңбек Ері атанған
Сәлима Жұмабекқызының ел

Қызылорда
облысында Батыр
ана, Социалистік
Еңбек Ері Сәлима
Жұмабекқызының
85 жылдығы атап
өтіледі.

Батыр ананың
өнегелі өмірін
өскелең ұрпаққа
үлгі ету мақсатында
өңірлік іс-шаралар
жоспары бекітілді.

Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
«Студенттер
сарайында» ғасыр
анасының құрметіне
ғылыми-танымдық
конференция
ұйымдастырылады.

игілігі жолындағы атқарған еңбектерін келешек жас буын білгі керек. Батыр аняның 85 жылдық мерейтойына арнап түрлі деңгейде танымдық-шығармашылық бағытта шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Яғни, наурыз айының соңғы күндері облыс бойынша тулғаның еселі еңбегін насихаттайтын бірінғай сынып сағаттары өтеді және «Сәліма Жұмабекова – гасырдың батыр аясы» тақырыбында оқышлар арасында эсседен байқау ұйымдастырылады, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ**

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Президент Жарлығына сәйкес «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті наградасының иегері педагог Жәмілә Әбжанмен кездесті.

Аймақ басшысы педагогика саласында тұңғыш рет берілген құрметті атақты облыс ұстаздарынан алғаш болып иеленген ауыл мектебінің мұғалімі Жәміле Әбдінағизыын құттықтап, мемлекет тарапынан ұстаздарға қолдаудың жоғары екенін айтып, айрықша құрметін жеткізді.

– Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сындарлы сәтте ешбір қиындыққа мойымай, балаларға үздіксіз, сапалы білім беруде педагогтардың еңбегін ерекше айтуға боларды.

Жәмилә Әбдінағызы, мемлекеттік награданың құтты өлсін! Республикадағы ең үздік мұғалімдер қатарынан көрінуіңізбен. Бұл марапатыңыз білім саласында аянбай еңбек етіп жүрген әріптестеріңізге, жас педагогтарға ерекше сенім мен жігер береді деп сенемін, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбділқайымова.

Айта кетейік, Жеміле Әбдінағиқызы АҚШ елшілігі мен Қазақстан Білім Министрлігі ұйымдастырған ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің сайысында жүлдегер атанып, АҚШ елінің ұстаздарымен тәжірибе алмасуға



жолдама алған ұстаз. Ол 2020 жылы Америка Құрама Штаттарының Фулбрайт қауымдастығы ырымдастырған ауыл мектептеріне арналған семинарда үздік кәсіби шеберлік танытқаны үшін жұмысы жоғары бағаланған. Республикалық педагогикалық басылымдарда еңбектері жарияланған бірнеше жоғары номинация иегері.

ЖАҢА КОДЕКС ҚОЛДАНЫСҚА ЕНЕДІ



Өткен жылы ел тарихында алғаш рет ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі қабылданған болатын. Жаңа Кодекс биыл 1 шілденен бастап қолданысқа енгізілімек. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сот судьялары Светлана Жукинаева, Шолпан Мәлікова және қалалық сот судьясы Гүлжан Мырзатаева тарақты.

[illegible]

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі тағы бір жаңалық судья құзыретіне қатысты. Соған сәйкес, жаңа заңнаманы негіз еткен судьялар мемлекеттік орган мен жеке азаматтар әкелген дәлел-дәйектерді қаңағат тұтып отырмайды. Қажет еткен

жагдайда судья сўз нақтылауға көмектесетін дәлелдерді, құжаттарды қосыпша сұратып, өз бастамасымен оларды жинауға құзырлы.

— Сонымен бірге Қодекстегі ерекшелік сөз екі қабылдауға шешімнің аралындағы кезеңді білдіретін қадауға қарайды. Қодексте «Сот бақылауы» деген арнайы тарау енгізілген. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орныда үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер кімшілік кіз бойынша соттан шешімді қабылдау күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмағандық жағдайда, бірінші сатыдағы сот осы Қодекстін 124-бабына сәйкес қалың малларда ақшалай өндіріп алуды қолданады, — деді сипкерлер.

**«МЫҢ БАЛА»
ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ**



Олимпиада тегін өткізіледі. Мұндағы басты ереже – үміткерлер соңғы екі оқу жылында ауыл мектептерінде білім алуы тиіс. Сондай-ақ биыл олимпиадаға 2020 жылы қатысқан ауыл мектептерінің 6 сынып оқушыларына да қатысуға рұқсат етіледі.

– Өткен жылы олимпиадаға 5 және 6 сынып оқушыларынан 1 кезең қорытындысы бойынша 301 бала іріктеліп алынды. II кезең қорытындысымен 5 сыныптан 38 бала, 6 сыныптан 37 бала, барлығы 75 оқушы жеңімпаз атанды. Бүгінгі таңда 23 оқушы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде оқуын сәтті жалғастыруда. Биыл біз қағастылардың саны

еліміз бойынша 15500 дейін өседі деп болжап отырмыз. Жалпы біздің өңірде ауыл оқушыларының олимпиадаға қатысу үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов.

Жоба порталындағы тіркеу нысаны Білім министрлігінің талдау орталығымен бірлесіп жұмыс істейді. Егер өтінішті қалалық жерден келген оқушы берсе, оған автоматты түрде бас тарту туралы смс хабарлама келеді. Жалпы олимпиаданы өткізу кезінде оқушылардың танымдық және академиялық дағдылары онлайн және офлайн режимінде компьютерлік тестілеу арқылы бағаланады.

Тест сұрақтарын
мамандандырылған
жұмыс тобы халықаралық
стандартқа сәйкес әзірледі

– Олимпиадаға қатысу үшін оқушы 24 ақпаннан-24 наурызға дейін арнайы сайтқа тіркелуі тиіс. Олимпиада 2 кезең бойынша өтеді. Бірінші

кезеңі логикалық және кеңістіктік ойлау секілді екі бөлімнен тұрады. Тестілеу Елбасы Академиясының платформасында онлайн форматта өткізіледі, – деді облыстық «Дарын» ғылыми практикалық орталығының директоры Гүлжахан

Өңірлер бойынша ең жоғары қорытынды балл жинаған 5 мың оқушы олимпиаданың екінші кезеңіне өтеді.

ӘСКЕРГЕ ШАҒЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қызылорда гарнизонында 2021 жылғы мерзімді әскери қызметке шақыру науқанының басталуына орай, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті, басқармасы мен бөлімдерінің жеке құрамының қатысуымен әдістемелік-нұсқаулық жиын өтті.



Мақсат – мерзімді әскери қызметке шақыру 2021 жылдың 5 ақпанындағы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес ұйымдастырылуда.

– Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінде, басқармасында

және бөлімшелерінде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Елімізді қорғау саласында адал істер атқарсақ еліміздегі сыбайлас жемқорлықты болдырмауға өз үлесімізді қосқанымыз болады, - деді Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Айдын Сағынбеков.

Мұхит ҚОНАРОВ,
Қызылорда гарнизоны баспасөз
қызметінің бастығы

АБАЙ ӨЛЕНДЕРІН ЖАТҚА АЙТАТЫН АЙШАНИ



Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Айшани Даттарей қазақ өндерін ерекше жақсы көреді. Қазақ жерінде туып өскен үнді қызы өсіресе ұлы Абайдың өлендеріне жазылған музыкалық әуендерді сүйсініп шырқайды.

— Менің музыка өлеміне деген қызығушылығым ерекше. Көп жағдайда орыс, украин, ағылшын, француз, хинди және қазақ тіліндегі өндерді орындаймын. Ең ұнайтыны — қазақ халқының композициялары. Олар өте әуенді және терең мағынасы бар. Жақсы істерге, өмірге қуануға және бір-бірімізді сыйлауға шақырады. Сондықтан қазақ өнерін көпшілікке насихаттауға өз септігімді тигізіп келеді.

Айшани Даттарей көп ұлты отбасында дүниеге келген. Анасы — қазақ, ал әкесі үнді ұлтының өкілі. Алматыда бір-бірін көзкітірген ата-аналары бүгінде бірлігі жарасқан елде 18 жылдан астам уақыт татутәтті өмір сүреді.

— Қазақтар өте кең жүректі, бауырмал халық. Ынтымағы жарасқан елдің тұрғыны болғанымна қуанамын, — деп бөлісті Айшанидың әкесі Халимаиесор Даттарей.

Көп ұлты жанұяның барлық мүшесі өнерге жақын. Үлкендері вокалмен айналысса, балалары музыкалық аспаптың шебері. Дегенмен Даттарей отбасындағы басты қағида — білімге ерекше ден қю. Бүгінде Айшани мен ағасы Раджив өңірдегі Зияткерлік мектептің озат оқушылары. Келешекте Айшани ғылымның сырын ашып, атақты биолог ғалым болуды армандайды.

Талғат Тілесті аймақ жастары жақсы біледі. Jas Olap-да, Жастар ресурстық орталығында жауапты қызметтер атқарды. Қай салада болсын абыройлы жүрген Талғат Оспанұлына бүгінде жаңа міндет жүктелді. Ол — “Сыр үміті” қауымдастығының директоры. Біршама жұмысты қолға алған бөлсенді жаспен аз-кем әңгімелестік.

— Талғат сізді жаңа қызметіңіз құтты болсын! Айтыңызшы, қауымдастықтың мақсаты қандай?

— Ұйымның негізгі мақсаты өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын табысты жүзеге асыруға үлес қосу. Жастарға жан-жақты қолдау көрсету болмақ. Өздеріңізге белгілі біздің аймақта облыс әкімінің жастарға арналған «Сыр үміті» жастар сыйлығы бар. Бірден бір мақсат — сыйлық иегерлерінің және

турмыз. Мақсат — ерекше күтімді қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі, ата-анасының қамқорлығына қалған, үйден оқатылатын балаларға көмек көрсету.

— Сіз айтып отырған “30 игі іс” жоспарына не кіреді?

— Қайырымдылық шаралары, одан бөлек жастарды дамытуға арналған жобамыз бар. Одан бөлек жыл еріктісі сыйлығын жоспарлау ойда бар. “Рухани жастар” көруенін өткізіміз.



Талғат ТІЛЕС:

АЙМАҒЫМЫЗДАҒЫ ӘРБІР ЖАС — СЫРДЫҢ ҮМІТІ

— Неге “Сыр үміті”?

Қауымдастық жастарға не береді?

— “Сыр үміті” аталуы негізгі аймағымыздағы әрбір жас Сырдың үміті! Еліміз болашағының жарқын болуы жастарға байланысты. Яғни жастар елдің үміті. Сондықтан “Сыр үміті” деп аталды. Негізгі мақсат — жастардың қалаған дүниесімен айналысуға мүмкіндік жасау. Жастарға қажетті инфрақұрылым болу қажет. Осы бағытта арнайы концепция жасалып, нақты жұмыстар атқарылады.

— Әр ауданға іссапармен барасыздар? Нәтиже ойдағыдай шығып жатыр ма?

— Иә, Арал ауданынан бастап өңірлерді аралап жатырмыз. Облыстық “Сыр үміті” Жастар қауымдастығының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Мағжан Ералиев бар. Аралда алдымен арагер, журналист, ауданның құрметті азаматы 82 жастағы Шәкірат Дормағанбетовтың ақ батасын алудан басталды. Аудандағы ерекше таланатты жас, “Сыр үміті” сыйлығының иегері,

қолөнерші Шайхислам Мағауияұлының жұмысымен танысып, ұсыныс-пікірін тыңдадық. Содан кейін Қазалыға жол тарттық. Ондағы ерекшелік талантты жас, аудандық оқушылар сарайындағы робототехника үйірмесінің мүшесі, республикалық облыстық байқаулар жеңімпазы Жалғасбай Елдоспен кездесіп, жобаларымен таныстық. Оны “Жас ғалым” жобасына бөлсенді қатысуға шақырдық.

— Өңіміңізге рақмет!

Мәлдір САБЫРЖАН

ӘКІМДІК ПЕН КӘСІПКЕРЛЕР КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ



Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов қаладағы бірқатар ірі сауда үйлері, желілерді, азық-түлік базарының басшылары және бөлшек саудамен айналысатын кәсіпкерлермен, тауар жеткізуші кәсіпорындармен ортақ меморандумға қол қойды.

Тараптар Қызылорда қаласының ішкі нарығында әлеуметтік маңызы бар 19 ірі азық-түлік тауарының бағасын негізсіз қымбаттатпау және бағаны тұрақтандыру бойынша өзара өріптестікті меморандумға отырды. Ұн, қант, сүт, ет, жүзі, картоп секілді өнімдер халықтың күнбе-күн тұтынып отырған тағамдары. Сондықтан қала өкімдігі тарапынан аталған азық-түлік тауарларына әлеуметтік маңыз беріліп, жергілікті билік бағаны бақылауды меморандум арқылы жүзеге асырмақ. Бұдан бөлек қаладағы азық-түлік бағаларын тұрақтандыру бағытында құрылымды тиісті шаралар қабылданып, баға бойынша мониторинг үздіксіз жүргізіліп келеді. Бүгінде қала аумағында халыққа арзандатылған бағада азық-түлік өнімдерін ұсынатын 30 әлеуметтік

дүкен мен 300-ден аса тауар түрінің бағасын көпке қолжетімді ететін «Әлеуметтік маркет» жұмыс істеуде. Сонымен бірге тұтынушылар нарық иілігіне бағытталған «30 игі іс» жобасын жүзеге асырмақ. Сондай-ақ «Арман ағашы» атты қайырымдылық акциясын атап өткенді жөн көріп

Сонымен қатар бағаны тұрақтандыру мақсатында жуыда қала орталығында өңірміздегі барлық аудан және қалаға қарасты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді.

ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Елдегі жарияланған төтенше жағдайға байланысты кәсіпкерлік саласы біршама тұралап қалды. Осы тұста аймақ экономикасын әртараптандырудың маңызы артып, жүйелі жұмыстар атқарылуға. Бірақ кәсіпкерлердің жұмысын жетілдіруде өзекті мәселелер күн тәртібінен түспей келеді. Осы мақсатта «Атамекен» ҚР ҰКП төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев өл кәсіпкерлерімен онлайн режимде сұхбаттасты. Аталмыш кездесуде облыс кәсіпкерлері де тыс қалмай, саладағы өзекті мәселелерді көтерді.



Мәселен, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшесі Болат Нұрхожаев облыстағы 188 мың гектар егістіктің 90 мың гектары күріш егуге бағытталғанын және техника да сол мақсатта алынғанын, басқа мақсатқа пайдалану мүмкін емесін жеткізді.

— Қызылорда облысында су тапшылығына байланысты егіс өнімін әртараптандыру қажеттілігі туындап отыр. Бұрыннан несиесі бар күріш шаруашылықтарына мал азығын дайындау, халық тұтынатын картоп, піяз салықты сұды аз талап ететін дақылға арналған техниканы алу қиындық туғызуда. Ал басқа дақылдарды егуге көшу мүмкін болмай отыр. Қалыптасқан жағдайға байланысты Қызылорда облысында егісті әртараптандыруға тезірек көшу үшін күріштен басқа дақылдарға арналған техникаларға қаржы бағасынан 50 пайызға дейін субсидиялауды, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ережесіне енгізуді ұсынамыз, — деді Өңірлік кеңес мүшесі Болат Нұрхожаев.

Айта кетейік, бүгінгі қолданыстағы ережеге сәйкес сатып алынған техника үшін 25 пайызға дейін субсидиялау қаралған. Тағы да Сыр кәсіпкерлері тоғандықтан мәселелердің бір — міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың айыппұллына қатысты.

— Міндетті медициналық сақтандыру бойынша төленбеген жарналар мен аударымдар үшін есептелген айыппұлдар пандемия кезінде микро, шағын және орта бизнес үшін қосымша ауыртпалық болды. Есептелген өсіміпұл мөлшері кәсіпкерлік субъектісі үшін көптеген проблемаға әкеледі. Банктік шоттар жабылды, кәсіпкер тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жоғары тәуекел аймағында болады, бұл салықтық тексеру мен басқа да мәжбүрлеу шарасына әкеледі, — деді «Манас-Қызылорда» ЖШС директоры Наталья Мишукова.

Кәсіпкер көзгідей жағдайда микро, шағын және орта бизнес субъектілері үшін міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі төленбеген жарнамен аударым үшін айыппұлды есептеуді 2021 жылдың соңына дейін экономиканың барлық саласында тоқтата тұруды ұсынды.

Өңірлік кеңес мүшесі Гүлзагир Абдраймова жылжымайтын мүлкінің нысаналы мақсатын ауыстырудағы бюрократияға тоқталып, шешу жолы ретінде нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгеріс енгізуді ұсынды. Қызылордалық кәсіпкерлердің көтерген мәселелері маңызды әрі орындай өкпенне тоқталған «Атамекен» ҰКП Басқарма мүшелері аталмыш мәселелерді тиісті мемлекеттік органдармен бірге шешу жолын қарастыратынын жеткізді.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

ҚҰПИЯ ӨЛЕМ

ҒАЖАЙЫП САНДАР



Нумерология – эзотерикалық ұғымдар немесе сенімдер жүйесі. Ол адам тағдырына әсер етеді, оның қабілетін анықтайды және оның мінезін қалыптастырады деген сенім бар. Нумерология – дерексіз сандар мен материалдық объектілер, күш, құбылыс, болымыс арасындағы мистикалық байланыс бар деген ұғым. Бірақ оны әлі күнге дейін ғылым мойындаған жоқ. Нумерологияда есептеулердің бірыңғай жүйесі жоқ, нақты әдістеме де жоқ. Біздің білуімізше, нумерологиялық жүйелер мен интерпретациялар өте көп: қарапайым туған күн мен уақыттан бастап, аты-жөнін, тегін, әкесінің атын, орнын ескере отырып, ең күрделі матрицалық есептеуге дейін, т.б.

Қазақ халқының өмірінде түрлі мәнде жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. «3, 7, 9, 0» сандар тізбегін өзіміздің сап-дәстүрден, ырым-тыйымнан, нақыл-сөзден мақал-мәтелден әңкіе көруге болады. Қазіргі өркениетті елдер арасында «13» санын әзірейілдей көрсететіндер әлі де баршылық. Ал көптеген халық, әсіресе мұсылмандар, соның ішінде қазақ халқы «7» санын киелі деп таныған. Аңыз бойынша жер-жананды жеті күн (біреулер жеті ай дейді) бойы топан су қаптаған. Жеті санының эмоциялық мәні жоғары.

Нумерологияда ерте заманда пифагоршылар өте күшті қызығушылық таныған. Бірақ қазір нумерологияны математикалық білім беретін ғылым саласы деп есептемейді. Нумерология – қазіргі таңда астрологиямен байланыстырылады. Нумерологияны танып-білудің бір жағынан психологтар үшін де қажетті бар. Өйткені адамның туған жылы мен айына қарап, адам тағдырына қатысты белгілі бір жорамал жасауға болады.

Нумерология арқылы адамның табиғи дарынын, талантын, мінезін күшті және әлсіз жағын көре отырып, тәрбие процесінде дұрыс шешім қабылдауға болады. Оны жүзеге асыру үшін туған күнінің білсеңіз жеткілікті. Өдетте 1-9 аралығында және қосымша 11, 22 сандары арқылы жүзеге асып отырады. Соңғы аталған екі сан ерекше қабілетті, мақсатына жетуде аябай өңкей ететін жандарға тән. Оны қалай есептейміз?

Мысалы: туған күніңіз: 14.12.1975
14+1+4=5, 12+1+2=3,
1975=22=2+2+4, 5+3+4=12,
12=1+2=3. Яғни бізге керекі «3» саны.

«1» саны

Бір саны тулғаның тәуелсіздігін, мақсаттарын айқын көре алатынын білдіреді. Бір уақытта бірнеше тапсырманы орындай алатын күш-жігері бар. Көшбасшылық қасиетке ие. Мақсатына жету үшін маңдай терімен еңбектенеді. Кемшіліктері: эгоизм, шыдамсыздық және өзімшілдік. Олар ойланғаннан гөрі әрекет еткенді жақсы көреді. Өз пайдасы үшін ғана емес, өзгелердің де пайдасы үшін мақсатты іске жұмылдыра алады.

«2» саны

Мұндай адамдар барлығымен достық қарым-қатынасты ұстанатын, сабырлы, ұялшақ жандар. Жолдасының мықты болғанын қалайтыны осы қасиетінен болса керек. Табиғатынан кез келген ішкіліңді ретке келтіруге қасиетке ие. Топтық жұмыстарда ұнамды қасиеттерімен көзге түсіп, әрдайым сыпайылық танытады. Әділетті болуды ұнатады. Ұялшақтығының арқасында барша арманынан бас тартады. Бірақ өзге тамаша қасиеттерінің арқасында айналдағандарға үлгі бола біледі.

«3» саны

Бұл адамдар тез тіл табысады әрі ойлылығымен ерекшеленеді. Бұл санмен көбінесе суретшілер, ақын-жазушылар дүниеге келеді. Олар өмірден барынша ләззат алып, жабынына жақсылық жасауға тырысады. Әрдайым өз пайдасын шетке ысырып қоюға дайын. Махаббат пен гадауатқа да берік келеді. Қалай сүйсе, дәл солай жек көре алады. Кез келген қиын жағдайдан фантазиясының арқасында шығып отырады.

«4» саны

Бұл санмен дүниеге келген адамдар өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, байсалды жандар. Жұмыста бағалы қызметкерлердің бірі. Сөзімге көп беріле бермейді, алдына қойған мақсатына жетпей тынбайды. Жөнітек адамдарды ұнатпайды. Қандай жағдай болсын өз шешімін өзгертпейтін қырсықтығы бар.

«5» саны

Бұл адамдардың стихиясы – таңғажайып оқиғалар мен тәуелсіздік. Олар спорттың экстремальды түрлерімен, ғылыми зерттеулермен айналысады. Саяхаттағанды жақсы көреді, сүйіктісіне көп мән бермейді. Істің шешімін бірден тапқанмен, оны аяғына дейін жеткізбейді. Бостандығын шектейтін адамдармен тіп табыса алмайды.

Құпиямен көмкерілген әлемде сандар құпиясы маңызды орын алады. Атап айтқанда: олардың пайда болуы және адам тағдырына күнделікті әсері. Біз нумерологияны әр қадам сайын кездестіреміз: ол туғаннан бастап бізбен бірге және бүкіл өмір жолымызда жүреді. Үй, жұмыс, күнделікті істер, махаббат, отбасымен және достарымен қарым-қатынас – бұл фактор бәрімізге маңызсыз көрінгенмен, тікелей әсер етеді.

«6» саны

Нумерология ғылымында 6 саны – тұрақтылықтың белгісі. Алайда қай кезде болсын доминант болуды жөн көреді. Материалдық құндылықтарды өкініш орнына қояды. Мұнымен қатар мансап жолында үлкен жетістіктерге жетеді.

«7» саны

Бұл адамдар – өте ұяң, Бір жақты болуды ұнататындықтан, шешім қабылдауда қиналады. Қоғам ортасында қорғаушысының болуын қалайды. Өмірде кемелдікке жетіп, арманын мақсатқа айналдырады. 7 саны – рухани байлықтың белгісі.

«8» саны

Бай әулеттің баласы немесе болашақта дәулеті асқан байлықтың белгісі. Көп ақша табу үшін күні-түні еңбектенуге дайын. Олар үшін атақ пен дәреженің маңызы зор. Такаппарлық, қатаңдық, билік жүргізуге деген құлшыныс көп жағдайда мақсатына жетуге көдерік келтіреді.

«9» саны

Бұл адамдар өзгелерге сенгіш, әрдайым қол ұшын беруге дайын жандар. Айналдағыларға үнемі жаны ашып, қайырымдылықпен белсенді түрде айналысады. Өкінішке қарай адамдарды тани алмайды.

Кез келген адамға жеке матрица құрып айтып бере алатын нумерологтар қазір жетерлік. Мысалы, «4» саны спортшыларда жиі кездеседі. Олардың денсаулығы, омыртқа-бел, иммунитеті мықты болады. Көбіне балада 4 саны аз болса, ауыр спортқа беруге болмайды, себебі денсаулығына қауіпті делінеді. Мысалы, 5 саны жоқ адамдар сезімтал келеді. Жүрекке жақын алады. Психологтар мен дәрігерлерде 5 көп болады. Олар еمدелушілік шын жүрегімен жаны ашды дейді мамандар.

Егер сіз айналпаныңа қарасаныз, онда біздің бүкіл өміріміз сандармен қоршалғанын байқайсыз. Өйткені, ол уақытта да, туған күнді де, бойымызды да, салмағымызды да өлшейді және тіпті қоғамдық көліктегі сандар мен ұялы телефон нөмерлері. Нумерология біз қаласақ та, қаласақ та, біздің өмірімізге нық еніп, көптеген аспектілерде көрінеді. Алайда бұл ғажайыпқа сенесіз бе, сенбейсіз бе, өз өл қалауыңызда. Тек сандар әлемінде ғажайып сыйға толы сөттердің жасырын тұрғанын ұмытпағайсыз.

Жансая ТІЛЕУ



ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТАПШЫ МАМАНДЫҚТАР

Билығ оқу жылы аяқталып қалды. Дәл осы сәтте мектеп бітіруші түлектердің мамандық таңдауға жаңталасатыны белгілі. Осы тұста статистикалық мәліметке сүйеніп, болашақта жұмыссыз қалмаудың қамын жасау маңызды. Мысалы, бытыр өлімізде құрылысшылар мен мұғалімдерге сұраныс артқанын ескерген жөн. Есесіне заңгерлер мен кеңсе қызметкерлері жұмыссыздыққа тап болған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2020 жылы электрондық еңбек биржасындағы бос жұмыс орындарының саны 925 мыңға дейін артқан. Оның 600 мыңы білікті қызметкерлерге арналған. Түйіндемелер саны да 630 мыңға жетіп, оның 367 мыңында білікті еңбек көзделген. Ал Еңбек ресурстарын дамыту орталығы болжамдау департаментінің директоры Дмитрий Шумковтың айтуынша, бытыр ел бойынша орташа есеппен бос жұмыс орындары түйіндемеге қарағанда 300 мыңға артық болған. Өңірлер бойынша Қызылорда, Түркістан, Атырау, Маңғыстау және Жамбыл облыстарында түйіндеме саны бос жұмыс орындарынан асып кеткен. Ал білікті жұмысшылар арасында ең сұранысқа ие мамандар орта мектеп мұғалімдері, құрылысшы-монтажшылар, сондай-ақ жеңіл автотөлік пен такси жүргізушілері болды.

Бос жұмыс орны әсіресе құрылыс саласында байқалады. Құрылысшы-монтажшылар 16,8 мыңға, дәнекерлеуші мен газкескіш 9,7 мыңға, бетоншы 6,3 мыңға, қрандар, көтергіштер және соған ұқсас жабдықтар операторлары 5,8 мыңға артқан. Оған қоса еңбек нарығындағы тапшы мамандықтарға орта мектеп мұғалімі, күзетшілер сондай-ақ күтім бойынша орта медициналық қызметкерлерге сұраныс артқан. Ал еңбек нарығында артық мамандарға заңгер 5,8 мыңға, кең бейінді кеңсе қызметкер 3 мыңға,

қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілер 1,8 мыңға, талдаушылар мен зерттеушілер 1,7 мыңға артық. Бұдан бөлек, 2020 жылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кәсіби мамандардың 2,3 мың, өнеркәсіп пен өндірістің техникалық 1,8 мың, техникалық электрониктің 1,8 мың, сондай-ақ құрылыс бригадирінің 1,6 мың артық екені анықталды.

Өткен жылдың аяғында өліміздегі үлкен және орта кәсіпорындарда өндірістің тоқтауына байланысты 7,5 мың адам уақытша жұмыссыз атанды. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 2 есе жоғары. Өткен жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,5 есе төмендеген еді. Ал қантөзін кезеңі сәйкес келген екінші тоқсанымен салыстырғанда уақытша жұмыссыздың көрсеткіші 4,4 есе қысқарды. Өңір бойынша қызметті тұрапал тұрғандардың тең жатысы Алматы, Маңғыстау және Алматы облысында тұрады. Олардың дені кәсіпорындарда жұмыстың тоқтауына байланысты еңбекпен қалыпталып отыр. Бұған қарамастан, өліміздің кей өңірінде құмалдай жағдай орын алмаған. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында керісінше уақытша жұмыссыз қалғандар саны 62,6%-ға, Түркістан облысында – 19%, Шығыс Қазақстанда 6,4%-ға төмендеген. Мектеп бітіруші түлектер осындай статистикалық мәліметке сүйеніп, болашақта жұмыссыз қалмаудың қамын бүгін кірісу қажет.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

ЭЙЕЛ ЕРГЕ ҚАРАЙДЫ...

Әжелеріміздің көбінің өмірбаянына қарасаң жұмысы тұсында «үй шаруасында» деген жазу тұратын. Олар қазіргі келіншектердей «карьерға» деп кәрілмейтін еді. Бар мақсаты қосағына қызмет ету мен балаларының жағдайын жасау болды. Нағыз «Эйел үйдің, еркек түздің көркі» деген кезең еді ол. Қазір бұл үрдіс келмеске кетіп, соңғы жылдары өлімізде эйел емес, еркегі өмір бойы жұмыс істемеген отбасылар қатары ортуда. Бұлай жалғаса берсе, болашақта жарына қарап алақан жаятын жігіттер қатары көбейе беретін секілді...

Бірақ осы жәрдемақыны алу үшін айырысуға барғандарды көргенде айтарға сөз таппайтыныңыз анық. Ең сорақсы, бұл қазақлықтың қаймағы бұзылмаған осы отүстік өңірлерде белең алып барады. Осы әлеуметтік көмекті алатындар қатарында қоттежде тұрып, үріп



ішіп, шайқап төгетіндер бар екенін естіп отырған біз ұялдық. Жағдайды кейбір мемлекеттерде болған оқиғалар көрсетіп отырған жоқ па?!

Мысалы, әлемді байлығымен таңдандырып араб елдері бүгін қандай күйде? Ливан мен

Сирияда болған соғыс өрті Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі, Катар, Мысыр мен Бахрейнге де зардабын тигізгені мәлім. Тіпті, Сауд Арабиясында жеңілорлық белең алып, біраз билеушілер тұтқынға алынған еді.

Ішкені алдында, ішпегені артында тұрған осы мемлекеттегілер жоғары елдің тұрғындары бір уақыт «қанатат», «шүкір» деген сөзді аузына алды ма екен?! Мемлекеттің табиғи байлығы қай ұрпағыңды асырауға жетеді? Адам баласы масылдыққа бой алдырса, бұл дерттен құтылуы екіталай екенін біле ме? Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түіні, осы мәселеде жатыр. Ұлт жаппай еңбексұр болғанда ел еңесі біктейді. Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур тәжірибесі осыған мысал. Ешкім ешкіме алақан жаймайды. Масылдық пығыл жоғалады. Сондықтан халқымыздың «Масыл болма, асыл бол!» дегені естен екі елі шықпаса екен...

Ерхан АҚЫН

Иә, отбасының ұйытқысы – ана ерікненен жұмыс істеп жүрген жоқ. Сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, базар сөресінде сауда жасап, күннің түні бойы вагонның шарлаған аянағын бар ойы шияттей бала-шағаны асырау еді. Бұл кезде талай еркек аумалы заманның қиындығына морт сынып, алды ішімдікке салынып та кетті. «Эйел ерге, ер жерге қараған» сол кезеңде осы әйелдердің көністігі, қиыннан жол табысын ақылы талай шаңырақты аман алып қалды.

Бірақ қазір «Е. басына түссе эйел де ақша табады екен» го! деген еркектер құрамы мүлдем қайыңсыз-қамсыз болуға бекінгендей. Басқаны былай қойғанда қазір отбасындағы балалардың бар қажетін шешелері тауып беріп отыр. Сонда еркектер неше масыл, неке бейік? Еліміз көпбалалы аналарға атаулы әлеуметтік көмек береді. Өрине, 21 мың теңге бар шаруанды шешіп тастамада да, шаңырақтың бір жытығын жамауға жетеді.

Жалғасы. Басы 1 бетте.

— Қазір туберкулезбен ауратын науқастарды емдеуде жаңа тәсілдер қолданысқа еніп, аз уақыт ішінде оң нәтиже беруде. Сондай-ақ емнің тиімділігін арттыру, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыруда туберкулезді емдеуге жаңа дәрілер кеңінен қолдануда. Мәселен, туберкулезге қарсы жаңа дәрілер қосылып нәтижесінде туберкулездің созылмалы түрімен есепте тұрғандар саны азайды. Қазіргі таңда жалпы белсенді топ ішінде 306 науқас жаңа препараттармен ем алуға. Ал сезімталдығы сақталған науқастардың айығу көрсеткіші облыс бойынша — 90,8 пайыз болса, дәріге төзімді туберкулез бойынша айығу көрсеткіші 86,2 пайыз, — дейді Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы директоры Әбдіғабит Әбләзімұлы.

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ӨЛЕМДІ ЖАРЫҚТАНДЫР

Облысымызда туберкулезбен ауыратындардың саны жыл өткен сайын азайып отырғаны қуантады. Бұл облыстық фтизиопульмонология орталығы мамандарының қарқынды жұмысының нәтижесі. Сондай-ақ туберкулездің алдын алу, анықтау және емдеу тегін және мемлекет есебінен жүргізіледі. Диагностикалық жылдам әдісі мен тиімділігі жоғары дәрілердің арқасында туберкулез толығымен емделеді. Быыл 24 ақпан мен 24 наурыз аралығында «Уақыт өтуде. Туберкулез ауыртпалығын төмендету бойынша 2022 жылғы мақсаттарға бірге жетеміз» ұранымен бір айлық өтті. Ондағы мақсат — халықтың назарын аудару және туберкулез ауа арқылы берілетін жұпталы ауру екенін еске салу болатын.



Гүлмира АЙТНАЗАРҚЫЗЫ

— Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және «СТОП ТБ» серіктестігінің бастамасымен «Туберкулезден өлемді жарықтандыру» атты дүниежүзілік науқанға қосылды. Аталған шара Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні аясында өткізіледі. Науқан халықты назарын өлемдік туберкулезді жоюға күш біріктіру қажетін ұғындырды. Мәселен, 24 наурызда өлемнің ірі қалаларының көптеген көрікті жерлері қызыл түспен жарықтандырылды. Соңғы бес жылда бұл қызықты бастаманы қосымша Қазақстан 2018 жылы осы басамға алғаш рет қатысып, Алматы қаласындағы Республика Сарайы жарықтандырылды. Кейін басқа қалаларда үн қосты. Біздің өңірде бұл бастамадан қалыс қалмай, «Туберкулезден өлемді жарықтандыру» науқанына «Сыр Ана» монументі жарықтандырылды.

❖ Соңғы 10 жылда туберкулез аурушандығы 2 есеге төмендеді, 2020 жылы 100 мың адамға шаққанда 48,5 құрағы, бұл көрсеткіш 2010 жылы 100 мың адамға шаққанда 107,5 болды.

НАУҚАС САНЫ АЗАЙҒАНЫМЕН, БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ



— дейді облыстық фтизиопульмонология орталығы ақпарат әдістемелік ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі Гүлмира Айтназарқызы.

Маманның пікіріне сүйенсек, облыста туберкулезбен ауыратындар саны айтарлықтай азайған. Бұл қуантарлық жағдай. Десе де бұл мәселенің екініші жағын да ескерген жөн.

— Туберкулездің жеңіл таяқшасын белмейтін түрімен ауыратын науқастарды қазір қалалық емханада ем алуына рұқсат берілді. Науқас аурудан толыққанды айықпайынша, айыққанның өзінде белгілі мерзім аралығында бақылауда болуы тиіс. Науқастарды жазылды деп босаңсымау керек. Өйтпесе ауру пандемия уақытында өршуі мүмкін. Одан бөлек, диспансерлік орталықтарды қаланың шет аумағына көшіру қажет. Тәсілетте кентінде тұрамыз. Диспансерлік орталық үйіміздің деп жанында. Көшуге қанша әрекет жасасақ та, нәтижесіз. Үреймен күн көшіп жатқан біз ғана емес, — дейді қала тұрғыны Тұрғанкүл Ерғешқызы.

Ал бұл мәселенің анық-қанығын білу мақсатында Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы директоры Әбдіғабит Әбләзімұлымен тілдестік.



Әбдіғабит АБЛӘЗІМҰЛЫ

— Науқастардың саны соңғы 5 жылда азайып, 550 төсек-орын 265-ке қысқарды. Осы туберкулезге қарсы ұйымның 265 төсек-орын 50 төсек орын оңалту және 20 төсек орын туберкулез дифференциалды диагностика мен пульмонология бөліміне қайта бейімделдірілді. Туберкулез ауруының микобактерия бөлетін түрінің азайып, емделушілер амбулаторлық жағдайда емханада емделуіне байланысты, туберкулезге деген стигманы жоюға өткен жылдан бастап облыстық туберкулезге қарсы диспансер атуы «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы» деп өзгерді. Туберкулезбен ауыратындарды қоғамнан шектеткен дұрыс емес. Жеңіл туберкулез таяқша белмейтін түрімен ауыратындар жергілікті жердегі емхана дәрігеріне жолынып, емін алып, қоғамға бейімдеу де емнің нәтижесі болары сөзсіз. Ауру қоздырғышы бар науқас ауруханаға жатып емделеді, — дейді Қызылорда облыстық

фтизиопульмонология орталығы директоры Әбдіғабит Әбләзімұлы.

ВАКЦИНА БАЛА ӨМІРІНЕ ҚАҰПТІ МЕ?

Туберкулезден сақтандырудың ең бір тиімді түрі — бұл ауруға қарсы екіп алу. Өсіресе саби дүниеге келгеннен кейін перзентханада дәрігер баланың денсаулығын, мерзіміне жетіп туған-тумағанын, салмағын анықтаған соң 1-3 күн ішінде туберкулезге қарсы вакцина егеді. Егілген жер 2-3 аптадан соң қызарып, бөртеді де, 2 айдан қабыршақтануы жүреді. Сөйтіп балада бұл ауруды қабылдамайтын иммунитет пайда болады. Ол 5-6 жылдай сақталады. Сондықтан дені сау балалар 6 жасқа келгенде қайта егу маңызды. Бірақ ата-аналардың көпшілігі балаға екіп салдыруға келгенде салғырттық танытатыны жасырын емес.



Жанар ШАЖАНБАЕВА

— Туберкулезге қарсы егу нәтижесінде бұл ауру мен балалар өте сирек ауыратын болды. Бұл — жетістік. Ал егер бала ауыратын болса, сырқат жеңіл басталып, тез сауығуына сеп болады. Дегенмен жаңада туберкулезбен ауырган адам болса, онда арнайы сақтандыру шарасы жүргізіледі. Қазіргі таңда аурудың алдын-алу шарасына көп көңіл бөлінуде. Туберкулездің ауру қоздырғыш микробы өсіп-өніп, сыртық ортаға өте төзімді, әрі жұқтып келгенімен, күн сәулесі мен ыстыққа тез жойылады. Ауру сау балаға сырқат адамнан жұғу қаупі жоғары. Сондықтан туберкулезге қарсы егілмегендердің организмі әлсіз, сұмдық төзімсіз, иммундық жүйесін әлсірететін қосымша сырқаты болса, көшеде ем қажет. Туберкулезге баланың кез келген органы шалдығуы мүмкін. Басқа органдардың туберкулезге қарағанда балаларда лимфа бездерінің, өкпелінің туберкулезі жиі кездеседі. Лимфа бездерінің туберкулезі кезінде бұл бездер ісініп, қабынады да, үлкейіп біріне-бірі қосылып кетеді. Ауру әдепкеді білмей басталады. Бірақ біртіндеп ауру қоздырғышы өсіп-өніп, ұлы зат бөлініп, ағзаны ұлайды. Осы кезде баланың мазасы кетеді, денесі деп-сал болып, тамаққа тәбеті болмай, ұйқысы бұзылады. Еш нәрсеге алданбай жылып береді. Ауруды асқындырып алмас үшін балаға манту

сынамасын салып тексеру қажет. Манту сынамасы 2 жас пен 14 жасқа дейінгі аралықта белгілі бір «Қауіп тобына» іріктелген балалар арасында жыл сайын бір рет салынады. Егер күдік туса, баланы толық тексеруден өткізіп, ауруды дер кезінде анықтап, жедел емдеген жөн. Ата-аналар туберкулезден ауыратын толығымен қорғай алмайтынын білуі тиіс. Сондықтан да олар туберкулездің алдын алу мақсатында қосымша шараларды орындауы керек, — дейді Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы. Облыстық балалар туберкулез жөніндегі координаторы Жанар Шажанбаева.

15 жастан асқан жасөспірімдер жылына 1 рет міндетті түрде флюорографиялық тексеруден өтуі міндеттеледі. Ал жаңа туған сәбидің ата-анасы өкпелен бас тартатын жайттар көптеп кездесуде. Сол өкпелердің арқасында әртүрлі аурудан өлім-жітім азайып, науқасқа шалдыққан күннің өзінде жеңіл, асқынбаған түрімен ауыруы мүмкін.

МАМАН КЕҢЕСІ

Егер науқас адамның өзіне тән жеке бөлімсі немесе тым болмағанда ортақ бөлмеде бөлек бір қоршалған бұрышы болмаса, үйде тазалық сақталмаған жағдайда сау адамдар да туберкулезге шалдығу қаупі артады.

Сондықтан 7 қатқаны есте сақтап, күнделікті өмірде қолданған абзал.

— Туберкулез ауруының алдын алу үшін ең бастысы, жеке бастың тазалығын сақтау маңызды. Өсіресе, жаңа туған балаларды міндетті түрде туберкулезге қарсы егу және 6 жаста қайталап егу — аурудың алдын алатын басты шарт. Сондай-ақ үйді үнемі ылғалдап жуу аурудың алдын алу үшін ғана емес, басқа да көптеген қауіпті аурудан сақтану үшін қажет. Күнделікті тұтынатын тағамдар құнарлы болуы керек. Мысалы, ет және сүт өнімдерін, балықты, көкөніс пен жемістерді көп тұтыну қажет. Сондай-ақ саламатты өмір салтын ұстанып, бос уақытта таза ауаға серуендеуде адам ағзасына пайдалы. Шылым шегуге,

алкогольдік ішімдік пен есірткіге әуестенбеңіз, — дейді Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Роза Сайдұллақызы.

ҚЫМЫЗ ДЕРТТЕН АЙЫҚТЫРА МА?

Қазір ел арасында туберкулезден айығу үшін сауамалдың пайдасы бар екені жайлы жиі естиміз. Мұның қаншалықты рас екенін сарапал көрсек.

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, XIX ғасырда Н. Постников Самараның жанындағы медициналық санаторийде туберкулезбен және басқа да аурумен ауыратын науқастарды емдеу үшін қымызбен емдеуді ұйымдастырған. Бір жылдан кейін Орынбор әскери госпиталіндегі тағы бір дәрігер Нейфель, 15 туберкулезбен ауыратын емделушіні қымызбен нәтижелі түрде емдеді. Көп ұзамай дәрігерлер қымызды осы ауруға қарсы қолданылатын ең танымал дәрі-дәрмектің ең жақсысы деп таныды. Өйткені қымыздың құрамында туберкулез емі үшін пайдалы, жеңіл сіңетін биологиялық белсенді нәруыздар, алмастырылмайтын амин қышқылдары, эссенциалды май қышқылдары, дәрумендер, минералды элементтер мен әрқилы антибиотиктер бар. Олар қорғаныс қабілетін күшейтуші және антиоксиданттық қасиеттерге ие.

— Туберкулезден бөлек сауамал көптеген ауруға ем. Бірақ оны ғылыми тұрғыда ешкім дәлелдеген емес. Бірақ дәлелденсе ғылыми жаңалық болары сөзсіз. Күніне 2 биені 2 сағат сайын сауамыз. Сауамал көрсеткіштерімен артылмайды. Десе де сырқат жандардың қажетін өтеу үшін арнайы алып қаламын. Бірнеше науқасты білемін нақты туберкулез деп айта алмаймын. Бірақ сатып алушылардың 3-4 ай сауамал ішкен соң, реңі кіріп, ақарланғанын байқадым. Адамның ішкі ағзасы сау болса, ол жанарынан белгілі болады емес пе? Бір науқасқа берілетін қымыздың орташа мөлшері күніне яғни шамамен 1-2 литрдей. Бұдан көбі көп. Мұнда да жас ерекшелігін ескеру маңызды. Ал әйелдер қымызды ерлерге қарағанда аз ішеді. Қымызды алғаш ішкенде 0,5 литрден бастау және таңғы астан 1-1,5 сағаттан кейін, түсі астан 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Егер қымызды көп мөлшерде ішу қажет болса, онда тағы да қосымша кешке, яғни кешкі ас алдында ішкен дұрыс. Қымызды жаймен сораптап ішеді. Ішпестен бұрын көмірқышқыл газын шығарып алу қажет. Оның мөлшерін біртіндеп екі күннен кейін бір литрге, тағы екі күн өткен соң 1,5 литрге көбейтеді, — дейді қала тұрғыны Базаркүл Оразқызы.



Роза САЙДУЛЛАҚЫЗЫ

— Негізінде сауамал тек ғана туберкулезге ғана емес, жалпы адам ағзасына пайдалы дәрімен бай суың. Туберкулезді қымыз емдейді деу қате түсінік. Туберкулезге қарсы дәрілерді де күнделікті қолданып, сауамал ішкен абзал, — дейді Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Роза Сайдұллақызы.

Ең бастысы, туберкулез жазылатын ауру және оның алдын алуға болады. Жұқтырған күннің өзінде дер кезінде, дұрыс емделсе науқастың құлтан-таза айығуы кетуге мүмкіндігі бар. Ол үшін медицина қызметкерлері ғана емес, әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, өз-өзін күту қажет.

❖ Сау адамның туберкулез жұқпасына төтеп бере алуын вакцинация арқылы арттыруға болады. БҰЖ аяққасына өлемнің 64 өлгені міндетті болса, 118 өлгені ресми түрде ұсынылған. Аталған екі өлем бойынша жас ерекшеліктері әртүрлі 2 млрд адамға жасалады.



АШЫҚ-ЖАРҚЫН МІНЕЗ

Оның жайдары, ақкөңіл, әрі ашық-жарқын болғаны жақсы. Кез-келген адам келіннің қабағына қарайды. Қабағы қатұлы келіннің тамағын да ешкім іше алмайды. Шын пейілмен ізет көрсететін келіннен кім ұнатпайды?

10 ТҮРЛІ ТАҒАМ ТҮРІН БІЛСЕҢІЗ...

Қыз баланың тұрмысқа ыңғайы келіп тұрғаны кімге болса да ұнайды. Ақ саусақ алпақ келіннен қолынан мың түрлі іс келетін пысық келін әлдеқайда жақсы. Келін келген күннен бастап пысықтығымен сынала бастайды. Келін болғанда қандай тағаммен ата-ененді тәтті қыларыңды білмей бетің қызарып жүрмеу үшін қыз кезінде

дәмді тағам жасауды үйреніп алған он есе артық. Тағамның түр-түрін жасап, отбасының көңілін ас үйдегі жағымды испен алдандыратын келіннің сүйкімі қалай болмасын? Тамақтан өзге үй тұрмысымен де қиналмай айналысу үшін қыз күнде де осы тірліктерді жасап үйренгеннің зияны жоқ. Қыздардың аузынан «Келін болғанда жасаймын» деген сөзді мүлде алып тастау керек. Өйткені келін болғанда сол істі енді үйіне бастаудың орнына, сол істің қулағында ойнал тұру керек.

КІШПЕЙІЛ КЕЛІН

Қазақ көбейіп, өсіп-өнгенді жақсы көреді. Отауға кеп түскен келін өмірге осы әулеттің

Келін қай қылығымен сүйкімсі?

Бойжеткен сүйгені өскен шаңыраққа бас сұғып, табалдырығын аттаған күннен бастап өзінің келін екенін сезінуі тиіс. «Қызымдай көремін» деген сөзге мастанбай, келіннің қыздан да адал боларын дәлелденіс

көшіп жалғайтын ұрпақ әкелуге тиісті. Бала-шаға көбейген сайын оны шу деп емес, той деп білетін келінді қалай сүйкімді демессің?

Кішіпейіл келіннің ырысы мен несібесі көп болады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін келіннің шаңырағын береке пен бақ күзетеді. Қыңыр мінезімен көптің көңілінен шықпайтын келін сол ниетіне сай өмір сүреді.

КӨПШІЛ БОЛУ МАНЫЗДЫ

Көпшіл болудан қашпайтын келіндердің өзгеден мәртебесі биік тұрады. Көптің көңілін тауып, сол арқылы өзіне жан тыныштығын іздейтін келін кімге болса да ұнайтыны рас қой?

КЕЛІН ҚОНАҚҚАЙ БОЛУЫМЕН СҮЙКІМДІ

Қонағын құдайындай сыйлап, үйінде барын алдына тартатын қазатқын келіндері көп болғаны жақсы. Өйткені қонағы мен келім-кетім адамы көп үйде ырыс артады. Үйге келген әр адам өзімен бірге берекесін ала келеді.

КҮЙЕУДІҢ СӨЗІ ЗАҢМЕН ТЕҢ

Жолдасының талабының бәріне

көңдігіп, оның шешімдері мен бұйрықтарына құрметпен қарайтын келін отбасындағы тыныштық символы саналады. Келіні күйеуіне бағынып, айтқанынан шықпайтын үйде ұрыс-керіс атымен болмайды. Ал ұрыс-керіс ұяламаған ұяға бақ құсы қонып, береке орнайды.

КЕЛІН ЖАУЛЫҒЫМЕН СҮЙКІМДІ

Жаңа түскен келіннің басына ақ ормал текке жабылмайды. Бұл салт ақ жаулық келіннің бұдан кейінгі өмірдегі серігіне айналысын деген ниеттен туындаған. Басқа ормал тағудан қашудың керегі жоқ. Ол тазалық пен қазақи мәдениеттің бір көрінісі. Келініне ормал тақпай-ақ жүре беруіне рұқсат берген ата-ененің бұл қылығын түсінуге болатын шығар. Бірақ келіннің өз өкімімен ормал тастап жүруді әдетке айналдыруы дұрыс қылқыл емес. Ата-енесімен бірге тұрмайтын келіндер тым болмаса туыстары мен ата-енесінің көзінеше және ас үйде ормал тағып жүруі міндетті.

Аймереке СҰЛТАНҒАЗЫҚЫЗЫ

Баланы көп еркелетудің зардабы

Ата-ананың баласын еркелетуіне болады, алайда бәрі орынды болғаны жөн. Бала тәрбиесі мамандары баланы қалыптан тыс еркелету тым нәтижелі бола бермейтіні туралы төмендегідей түсіндірулер жасады.



Өзімішпін болады

Қалыптан тыс еркелеткен бала ата-анасының сенімі ғана жөн деп санайтын көзқарасын жадында сақтап, басқаларды кезге ілмей, басқалардың тұрғысында ойлану сынды көзқарастарды қайырып қойып, тек менікі ғана жөн деп қарайтын нашар дағды қалыптастырады. Алайда ішінара адамдардың назарында мына қоғамда өзімішпін болсаң зиян тартпайсың деген ұғым да жоқ емес. Міне бұл ер ұлкен қате түсінік. Өзімішпіндік те тек қана белгілі бір мезеттегі белгілі бір жағдайды меңзейді, алайда көсіп жағында өзімішпін болсаң жеңіліске ұшырайсың, сүйсіпеншілік тұрмыс жағында да бұндай болудың қатері күшті.

Өркеуде болып өседі

Баланы алпау мен еркелету рухани және заттық жақтағы қарым-қатынас. Баланы өлпештеуде баланың заттық шартын қанағаттандырып, көңілді болуы үшін қолын қайтарысыз, алайда сіз бұл жерде балаға рухани жақтан қамқорлық жасауды қалыс қалдырып қоясыз, міне осындай ортада бала түйік мінезді, ашуланғыш болып өседі. Егер баланың зиянды ырқына көне берсеңіз, көптеген үйірімізсіз талаптарын қанағаттандырумен өтір болып жүретін болсаңыз, баланыз менің талабым қай кезде де орындала береді екен деген идеямен ешкімге жол бермейтін, кешірім жасауды білмейтін, әрқандай бір қиындыққа төзімділік етпейтін өркеуде мінез қалыптастырады.

Шаруаға ұқыпсыз әрі төртпіңсіз болады

Тым шөлжән өскен баланың киер киім, ішер асын түгелдей ата-анасы қамдап беретіндіктен, ешқандай іспен жұмыс болмай, бара-бара қолынан ешқандай іс келмейтін адамға айналады. Бір жұмысты тапсырсаңыз тындырымды істей алмайды әрі баша жанның барлығы өзін ғана тыңдаса дейтін нашар әдет қалыптастырады да келешекте қоғамға керексіз адам болып шығады.

Үлкенді құрметтеу сынды жора-жосынды білмейді

Ата-аналардың шектен тыс шолжаңдатуының көрсінен балалардың кейбір нашар әдеттері тыйымсыз кетіп, әдеп-иыны, үлкенді құрметтеу дегенді білмейтін, тіпті, үлкендермен қарсыласуға дейін баратын болады.

Ақбота СҰҢҚАР

ӨЗГЕ ҰЛТТАР БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕЙДІ?

Бала тәрбиелеу оңай іс емес екенін білеміз. Қазіргі таңда бала тәрбиесіне арналған әдебиеттердің көптігіне қарамастан, тіпті педагогикалық білімі болса да адам баласын тәрбиелеуде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін нақты айту қиын. Тәжірибе теорияға қарағанда әлдеқашан озып кеткен.

Әр ұлттың бала тәрбиелеу әдістері әртүрлі. Біз олардың кейбіреуін қолдасқ, кейбіреуімен келіспей жатамыз.

Жапония. Жапондықтар баласын 5 жасқа толғанша еркелетіп, ешқандай тыйым салмастан, жазаламай өсіреді екен. Бірақ бала бес жасқа толысымен қандайда бір жетістігі болса, соны дамытуға күш салады. Ер баланың да, қыз баланың да ойнайтын ойыншығына дейін ұлттық нақышта жасалады. Ойын арқылы жапон баласы ер бабасының ерлігін түйсініп, дана әкесінің шеберлігін ұғынады. Мысалы, «Карута тори» деген ойында кішкене баладан бастап ересек адамдар да ойнайды. Бұл ойын өншеніп уақыт өткізу үшін емес, елінің кешегісі санасына сіңіруге арналған. «Карута тори» ойнау үшін байырғы әдебиеттен жүз жыл білу керек. Бұл жүз ақының өлеңін жатқа айту деген сөз. Феноменалды ми қабілеті



осылай дамиды. Жапондар бала тәрбиелеуде «үл», «кы» деп бөлмейді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға тәрбиелеу.

Ұлыбритания. Ағылшындар керісінше, балаларын өте қатаң тәртіпке, эмоцияға берілмеуге, яғни өмірдің қатаң жағдайларына дайындыққа тәрбиелейді. Сол себепті де олар сөзсіз сыртқа шығаруда салмақтылық танытқанмен мейірімге толы болады екен.

АҚШ. Американдықтардың бала тәрбиелеу әдістері славяндықтарға жақын келеді. Олар балаларының әрқашан ата-анасының жанында болғаны дұрыс деп санайды. АҚШ-та көпшілік жиналатын орындарда бұл үшін барлық жағдай жасалған, тіпті ата-аналардың баласының жөргегін ауыстырып, тамақтандырып алу үшін арнайы жабдықталған

бөлмелер де қарастырылған. Айта кету керек, соңғы кездерде біздің елімізде де осындай бөлмелерді ұйымдастыру қолға алынууда.

Сонымен қатар әр ұлттың бала тәрбиесіндегі ата-әжелердің рөлінің де өз ерекшелігі бар. Әсіресе мұсылман халықтарында бала тәрбиесінде ата-әже өте белсенді араласады. Ал француздар мен американдықтардың немерелер ата-әжесінен алшақ тәрбиеленеді. Себебі, зейнеткерлікке шыққаннан кейін аталған елдерде үлкен кісілер көбінесе уақытын туристік сапарға немесе жеке өміріне арнап, отбасымен тек үлкен мерекелерде ғана бас қосады екен.

Техниканың дамыған заманында балаларды компьютерге таңа бермей, ертедегі жырлардың жырларын жаттатып, ерлік дастандарын да оқытқан дұрыс.

Ардақ ІЗБАҚАРОВА

I'DRINK



Дүниеге перзент келсе дүйім жұрт болып әдемі есім іздейтін әдетіміз бар қазақпыз. Өз дәстүрімізге әдет ғұрпымызға сай ерекшелігі мол, өзге ұлтта ұшырамайтын есімдеріміздің бары да рас. Десек те ата – бабаларымыз нәрестенің дүниеге келген күніне байланысты да Наурызбай, Боранбай, Дауыпбай, Сауірхан, тұз тағлысына деген құрметпен Қасқырбай, Арыстан секілді де есімдерді дүниеге әкелген.

Сондай ақ біздің тарихымызда санулы тұлғалар ғана еге болған ерекше есімдерде жоқ емес. Атап айтсақ сонау IX ғасырда өмір сүрген Шөже, Шеге секілді есімдер. Тақырыптан ауытқымай сол есімдер жайында сөз қозғасақ, Ғалымдар XX ғасырдан бері адамның өзі оның тағдырына, болмысына қаншалықты әсер ететіні төңірегінде зерттеулер жүргізіп келеді. Антропонимика ғылымы деп аталатын бұл саладағы зерттеулер нәтижелері адамның есімі оның өміріне айтарлықтай әсер етеді деген тұжырымға табан тіреді. Осындайда әлемге жаңалық болып жатқан антропонимиканы біздің бабаларымыз әлдеқашан игеріп тастағанына мақтанасыз.

«Ер заманың өзіне лайық сөзі болады» деген екен әйгілі Базар жырау. Сол айтқандайын, бүгінде балаға есім қою дәстүрі де өзгеріске ұшырады. Мағынасы белгісіз шетелдік нысыларды жиірек таңдайтын болдық. Бұған ауыз да, құлақ та үйреніп келе жатыр.

Бірақ жуырда Ресейде болған мына бір акция талай жанды айран-асыр кылды. Арақ-шарап сататын дүкеннің акциясы бойынша Iphone 12 телефонның алпасы және өміріңіздің соңына дейін арақ тегін ішесіз. Ол үшін ата теңіңмен қоса өз атыңды ауыстыруың керек. Яки, жаңа смартфон алу үшін теңіңді Смартфон ал есіміңді I drink (ішу) деп өзгертсең болады.

Осындай сұмдық бізге келмеуіне кім келіп? Қазақ арасында күннің амында азан шығырып қойған өз атыңды бас тартып, I drink атанысы келетіндер табылып қала ма деген қорқыныш жоқ емес.

Жалғасы. Басы 1 бетте

ЖАПОНИЯ БІЗДІ ЖАРЫЛҚАЙ МА?

Олимпиадада ең көп жүлде сарапқа салатын жеңіл атлетика мен су спорты. Бірақ осы спорт түрлерін әлі күнге дейін дамыта алмай келеміз. Жеңіл атлетикадан сол баяғы Ольга Рыпакова. Қартайса да бапкерлер құрамдан жібергісі келмейді. Өйткені Ольганың орнын басар спортшы жоқ. Жүлде алатын жалғыз саңлағымыз Рыпакова десек артық емес. Су спортынан Дмитрий Баландин жүлде салуы бек мүмкін. Дмитрийдің Риода бағы жаныны белгілі. Бірақ сол жетістік Токиода қайталануы екіталай. Тазавандо, Олимпиадаға жаңа қосылған Каратеден жүлде күту қиына келмейтін секілді. Өйткені ол спорт түрі елімізде даму жағынан кенже қалған. Лондон мен Рио Олимпиадасында ауыр атлеттеріміз ерлерге еді. Бұл жолы Қазақстанға екі ғана жолдама берілді. Қай спортшы барса да жүлдесіз қайталайды. Қыздардан Зулфия Чиншанло баруы тиіс. Өз салмағында көшбасшылардың қатарынан орын алары сөзсіз. Алтын алпаса да, күміспен күлтелетініне сенуге болады. Ерлерден мықтылар көп. Бапкім Ибрагим Берсанов немесе Игорь Сон баруы ықтимал. Қос атлеттің де өз салмағындағы нәтижесі көңіл қуантағындай.

Велоспортта өрлеу байқалады. Александр Винокуровтың ізбасарларының дайындығы жаман емес. Алексей Луценкодан жүлде күтеміз. Алексей бұрын-соңды Олимпиадаға қатысып, айтулы алапанның атмосферасын көрген спортшы. Сондықтан тәжірибесі мол шабандозға сәттілік тілеймін. Тректегі веложарыстан да жолдама жеткілікті. Бұл сында үміт артар саңлағымыз Артем Захаров.

Тізін ұстаған Токиоға Қызылорда облысынан екі спортшы аттануға жақын. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Лаура Шонғалова өңірден қатысатын қос спортшының жүлде аларына сенеді.



Лаура ШОНҒАЛОВА

— Өзірге аймақтан Қамшыбек Қоңқабаев пен Дәулет Ниязбеков Токиода

ел намысын қорғайды. Мұның саны әлі де толығы мүмкін. Жолдама үшін жарыстар аяқталған жоқ. Қызылорда облысы Бейжің Олимпиадасынан бері ел қорқынына жүлде салып жүр. Қамшыбек пен Дәулеттің қарымын спорт сүйер қауым жақсы біледі. Қос спортшының да жүлде алуға мүмкіндігі мол. Әлемдік рейтингте Ниязбеков пен Қоңқабаев та үздік көрсеткішке ие. Жұырда Германияның Кельн қаласында Қамшыбек халықаралық жарыста топ жарды. Шаршы алаңда шебер жумысымен жерлесіміз көптің көңілінен шықты. Одан белек кәсіпқой бокста табысты өнер көрсетіп келеді. Былғары қолғап шебері қазір бабында деп толық кесіп айтуға болады. Қамшыбекті алтын жүлдеден үмітті спортшылардың бірі деп білемін. Ал Дәулет Ниязбеков тәжірибесі болысқан балуан. 8 дүркін ел чемпионы, 3 дүркін Азия біріншілігінің жеңімпазы, әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Осындай даңқты балуанның жүлде саларына сенімдімін. Айта кетейік, Олимпиада ойындары аяқталысымен параллельде басталады. Маңызы жөнінен дәрежесі жоғары параллельде басталады. Жеңіл атлетикадан Ислам Салимов, дзюдодан Азамат Тұрымбетов пен Олжас Оразалыұлы қатысуға мүмкіндігі мол. Аталған спортшылар сәуір мен мамыр айында өтетін халықаралық жарыста жүлдегер атанса, Токиоға аттанады.

Еркін күрестен Олимпиадада ел намысын қорғайтын Дәулет Ниязбеков қызу дайындық үстінде көрінеді. Шымкент қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жүрген балуаннан Токиоға қаншалықты дайын екенін сұрадық.

— Кім болмасын Олимпиадаға барып, ел намысын қорғауды армандайды. Сол арманның жетегімен Жапонияға жолдама алдық. Қазір бапкерлермен бірге Шымкент қаласында соңғы дайындықты пысықтап жатырмын. Көбіне дайындықты ұлттық құрамамен бірге өткіземін. Жылына төрт-бес рет шетелге шығып дайындалып, турнирлерге де барамыз. Жалпы жаттығуыма көңілім толады. Бірақ шетелге барып, сол жақты тұрақты жаттығу өткізім келмейді. Өз отанымда, үйімнің қасында болғанды жаным қалайды. Бапкерлерім де білікті. Одан артық маған не керек? Басты мақсатым — осы уақыт аралығында қатысқан алаңдардағы кәсіпкерлермен жұмыс істеу. Олимпиада ойындары секілді ірі дода алдында осындай кәсіпкерлермен жұмыс істеп, кейін соны қайталамау үшін бар құшақтан саламыз. Сәуір айының 16-17 аралығында

Алматыда Азия чемпионаты өтеді. Сонда қатысушы жоспарлап отырмын. Аламанға Азиядағы басты қарсыластарымыз бәрі жиналады. Олимпиадада күресетін балуандардың бәрі Алматы бөкселемінде белдесуе келеді. Мәселен, жапониялық балуан Такуто Отогура, бір кездері есемді жіберген үндістандық Пуния Баждранг та келуі мүмкін. Олимпиадаға дейін тағы күресіп, өзімді тексеріп алуым керек қой. Себебі аталған спортшылар, тағы да өзбайжандық Гаджи Алиев, Куба мен АҚШ балуандары менің негізгі қарсыластарым болмақ. 65 келі салмақта әлем бойынша өте көп. Оңай болмасы анық. Құрама сапында жас бойынша ең үлкенімін. Соған қарамастан қарсыластарымнан екі есе көп еңбектенгенді ұнатамын. Бәсекелестеріме қараймын да, оларды ұту үшін, олардан екі есе көп жұмыс істеу керектігі түсінемін.

Атланта Олимпиадасынан бері ел спортшыларына жанкүйер болып жүрген Жалғас Садықбаев құрама саңлақтары Токиода табысты өнер көрсететініне сенеді.




Жалғас САДЫҚБАЕВ

— 1996 жылдан бері еліміз ресми жазғы Олимпиада ойындарына қатысып келеді. Жапонияға дейін 6 рет төртжылдық бәсекенің күесті болдық. Қоржынымыз алтынсыз қайтпады. Сол үрдіс бивыл да үзілмейтініне сенімдімін. Өрине, жолдама саны көп деп айта алмаймыз. Бірақ саны аз болса да сапалы спортшылар ел намысын қорғауға аттанбақ. Жалпы Қазақстан құрамасы кем дегенде 2 алтын, 4 күміс, 5 қола жүлде алуға қауқары жетеді. Балстан Ғалимбек Кенжебаев жаттықтыратын Қазақстан ерлер құрамасы Токио Олимпиадасына толық құрамда қатысады. 8 боксшымыз кемінде 4 жүлде алуы тиіс. Абылайхан Жүсіпов, Бекзат Нұрдаулетов, Василий Левит, Қамшыбек Қоңқабаевтар алтын үшін талас жүргізетін анық. Бастысы, Куба, Ресей, Әзбекстан боксшыларынан мерей үстем болса, алтын қоржында деп бағамдауға болады. Қамшыбекте жалғыз қарсылас Баһадүр Жалолов. Баһадүр жеңетін болса, Қамшыбектің арманы

орындатыны анық. Ауыр атлетикада 2-ақ жолдама бар. Түрлі айыптаулар тағыланнан кейін 2 жолдамаға түсіністіктен қараған жөн. Елімізде мықты зптеміршілер көп болғандықтан Жапонияға кім баратыны белгісіз болып тұр. Дзюдодан Елдос Сметовке сенім артамын. Әлемдік рейтингте 2-інші орында тұрған балуанымыз Токиода аянып қалмайды. Рио Олимпиадасының күмісін алтына айырбастан деген ойдамын. Жүзуден Дмитрий Баландин, сондай-ақ Дәулет Ниязбеков кем дегенде қола жүлде алуға қауқары жетеді. Әбүтәліп Аманжолжан тәлім алатын бөкселем шеберінің бабын жоғары бағалауға болады.

Қазақ боксы әлемде үлкен державаға айналғаны белгілі. Атлантадан бері алтын олжалап келе жатқан былғары қолғап шеберлерінен үмітіміз мол. Ел спорты тарихында тұңғыш рет үш Олимпиадаға қатысқан жалғыз спортшымыз Біржан Жақыпов қазақ боксшыларының өлеуетін бағамдап берді.



Біржан ЖАҚЫПОВ

— Құдайға шүкір, жігіттер жаман емес. Қай жарысқа барсада жүлдесіз қайтпайды. Жанкүйерлердің де басты үміті боксшылар. Сондықтан жауапкершілікті біздің боксшылар жақсы түсінеді. Құрамада тәжірибелі боксшылар көп. Атап айтар болсам, Қамшыбек Қоңқабаев, Василий Левит, өлем чемпионы Бекзат Нұрдаулетов, Закир Сайфуллин бар. Тәжірибе жинақтап келе жатқан жастар да аз емес. 69 келі де Абылайхан Жүсіпов, 75 келідегі Әбілхан Аманжол, 52 келідегі Сәкен Байбосынов секілді боксшыларымыз жоғары нәтиже көрсетуге дайын. Бастысы, төрешілер тарапынан қысым болмаса барлығы жақсы болады. Жалпы қазір өзбек боксшыларының жоғары деңгейге көтерілуі себебін сұрайды. Себептері көп қой. Балалардың дайындығына да байланысты. Одан бөлек оларға жоғары жатқан қолдау болады деп ойлаймын. Төрешілер тарапынан оларға қысым көрсетілмейді. Бір бүйрегі өзбек ағайындарына бұрып тұратынын көп жағдайда байқап келемін.

Олимпиада ойындары жақындаған сайын түсініксіз жайттар орын алатыны белгілі. Мысалы, жолдама алған спортшының орнына өзге саналық аламанға аттануы күдік ұялататын сөзсіз. Республикалық БАҚ беттеріне жарияланған Назым Қызыбайдың сұхбаты мұндай жағдайға бірден бір дәлел. Дегенмен белгілі спорт шолушысы Бек Төлеу бұрымды боксшының көтерген мәселесін орынсыз деп санайды.



Бек ТӨЛЕУ

— Назым Қызыбайдың сұхбатын толық оқып шықтың. Өңгімесінде Ангелина Лукасты сүйреп, Олимпиадаға Ангелинаны жібермек ниетте депті. Бізде бірыңғай бір жақты пікірге сүйеніп, сол спортшының мерейін асырып, барлығы Назымды жақтап, Лукасты даппат кетті. Ангелинаның да пікірін тыңдаған жөн. Осында сұхбатын көрдік. Алдымен мынаны түсініп алайық, Назым барлық жетістігін 48 келіде жеңіп алды. Олимпиада бағдарламасында 48 келіге ауысты. Бокс федерациясы немесе бапкерлер қосыны болсын Қызыбайға үлкен сенім артып, қолдау көрсетті. Бірақ қолдау болса да Қызыбай 51 келіде Әлем чемпионаты былай тұрсын Азия біріншілігінде де нәтиже көрсетпеді. Әлемдік рейтингке көз тастасақ Назым 40-ыншы орыннан бір-ақ шыққан.

Сондықтан қатысқан барлық жарыстарынан жүлдесіз қайтқандан біреуден емес өзіннен көргені дұрыс секілді. Жалпы елде спортшыларға былайнысты былықтың бар екенін жасырау болмайды. Мысалы, 2008 де күрес түрінен сырттан спортшылар алдырып, соларға сенім білдіргеніміз бар. Соның салдарынан қаншама жергілікті жастар спорттан қол үзді. Мысалы, бір ғана Таймураз Тигиев. Тигиевты алдырып, азаматтық алу үшін қомақты қаржы құйып, Олимпиадаға аттарды. 2008 де күміспен күлтеліп, күрестің мәртебесін көтергендей болды. Бірақ 2012 жылы Лондон Олимпиадасында Таймураз алғашқы белдесуінен ақ жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды. Сол кезде жергілікті спортшыға сенім артқан кезде жағдай басқаша өрбуі мүмкін бе еді. Қызықтың көкесі алда болды. Әлі Тигиевтың қанынан допинг табылып, 2008 жылы алған жүлдені тартып алды. Қаншама қаржат жетіп ұшты. Сондықтан жергілікті спортшыларға мүмкіндік берген дұрыс секілді. Жалпы қазір Олимпиададан олжалы келсек те қорқатын болдық. Араға бірнеше жыл салып, дау дамайға ілігіп кетсе жүлдеден әпсәтте айырылып қаламыз. Сол себепті әділдікті алға тарту керек. Ең бастысы, инфрақұрылымды дамытып, кадрлар мәселесін шешу маңызды.

Небәрі үш айдан кейін басталатын Токио Олимпиадасына ел спортшылары бақ сыйайды. Күншығыс еліңде өтетін дүбірлі додаға жолдама саны аз болса да жеңімпаз көп боларына сенеміз. Бастысы, қырық жолдама қыдыру үшін берілмегенін саңлақтырымыз сезінсе екен деймін. Өмәнда жеңісті күнде жолығайық!

ТОҚАЕВ ХАБАРЛАСҚАН – ИМАНБЕК

“Маған қоңырау шалатындар көп. Бірақ барлығымен бірден сөйлесе бермеймін. Байланыс нөмірді жиі ауыстырамын. Себебі маған жұлдыз болған ұнамайды. Танымалдылыққа да жаным құмар емес. Бірде телефоным шырылдады. Бөтен нөмір, тұтқаны алсам Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мені жеңісіммен құттықтады. Бұл мен үшін үлкен мәртебе” – дейді “Грэмми” жұлдісін жеңіп алған тұңғыш қазақ баласы.



Бір жыл бұрын қазақстандық музыкант Иманбек Зейкеновтің (Imanbek) Saint JHN орындайтын «Roses» әніне жасаған ремиксі «Грэмми» сыйлығына үміткер атанған болатын. «Roses (Imanbek Remix)» трегі «Best Remixed Recording» номинациясы бойынша музыкант «Грэмми» премиясын жеңіп

алды. Ол “Грэмми” жұлдісін алған тұңғыш қазақ ретінде тарихта қалады. Иманбек Зейкенов – Павлодар облысындағы Ақсу қаласында тұратын 20 жастағы музыкант. Осыған дейін теміржол саласында жұмыс істеген. Ремикс жасауды, YouTube платформасындағы видеолардан

үйренген. 2019 жылы Иманбек рэпер Saint JHN-ның Roses деген әнін байқап, оны билеуге қышамдап ремикс жасаған. Ремикс өте жылдам қарқынмен танымал бола бастады. Ремикс YouTube-те 145 миллионнан аса қаралым жинаған. Арада бірнеше ай өткенде ол әлемдік жұлдызға айналды.



Әмір сүру ұзақтығы артады. Адамдар сыртқы келбеті мен денсаулығына көп көңіл бөліп, жас көрінеді. Компьютерлер кішірейіп түседі. Адамдар оны киіміне жабыстырып алып жүре беретін болады. Әлемде бір ғана үкімет болады. Барлық адамдар бір мемлекеттің астында өмір сүреді.

Жарнамалық науқанды жұмыстар аудио желі арқылы әрбір адамға жеке жеткізілетін болады. Нанотехнологияға негізделген «Адам денесі 2.0» шығарылады. Пилотсыз ұшу аппараты мен көлік құралы 100 пайыз компьютермен басқарылады. Адам миының қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектесетін

нанотехнология 2025 жылы ашылады. Адам миының белгілерін компьютерлік модельдеу мүмкіндігі болады. Жасанды интеллект Тюринг сынағынан өте алады, ол адам сияқты ойлана алатынын дәлелдейді. Виртуалдылық өте жоғары деңгейге жетеді және шындықтан айырғысыз болады. Наноматин медицинада кеңінен қолданылады. Нанороботтардың жасушаларға еніп қысты кетіру мүмкіндігі артып. Сондықтан дәстүрлі тамақтану процесі қажетсіз болады. Ақыл-ойды орналастыра алатын мүмкіндік пайда болады. Адамдар өз денесін физикалық және виртуалды шындыққа елестетіп, интернетте өмір сүре алады.

Бейбітшілік және келісім сарайы

Бейбітшілік және келісім сарайы – Қазақстан жеріндегі бірлік пен достастықтың, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың белгісі. Елордада пирамида тәрізді сарайды салу – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы. Жоба авторы – белгілі ағылшын архитекторы Норман Роберт Фостер. Елордада пирамида тәрізді сарай бой көтерсе, әрі онда түрлі ұлт, діні өкілдері бас қосып, барша адамзатты бейбітшілік пен жақсылыққа жетелейтін шешімдер қабылдаса деген идеяны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2003 жылы Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезінде ұсынған болатын. Мемлекет басшысының идеясы съезге әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған түрлі конфессия көшбасшыларының үлкен қолдауын тапты. Әлемнің ең жас елордасы Астана қаласында 2006 жылы қайта қауышқан съезд делегаттары екінші басқосуын жаңа, бірегей ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайында өткізді. Пирамиданың негізі – 62×62 метр, биіктігі – 62 метр. Ғимараттың сыртқы беті ішкі бейнені көрсететін әйнек және тас плиталармен қапталған, ал төбесі, яғни күмбезі – елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерін суреттейтін 130 ақ көгершін бейнеленген нағыз өнер туындысы атақты суретші Брайан Кларстың витражымен безендірілген. Жаңа сарайдың салтанатты ашылу рәсімінде әлемнің классикалық музыкасының жарық жұлдызы Монсеррат Кабалье өнерін лаш етті. Сарай ішінде 1 302 орынға арналған Опера залы, Аtrium салтанат залы, «Besik» конференция залы, көрме алаңдары, «Құланш» галереясы, баспасөз орталығы, Астана қаласының этникалық мәдени орталықтары, Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығы, Түркі әлемінің академиясы орналасқан. 2009 жылдың 13 шілдесінде Астана қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес «Бейбітшілік және келісім сарайы» Мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорны құрылды. Сарай демалыссыз жұмыс істейді. Экскурсия үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілінде өткізіледі.

РЭЙ КҮРЦВЕЙЛДІН 100 ЖЫЛДЫҚ БОЛЖАМЫ

Адам миындағы наноматиндер когнитивті және сенсорлық қабілеттерді, оның ішінде есте сақтау қабілетін арттыруға көмектеседі. Адамдар бір-бірімен сымсыз желі арқылы, яғни телепатия арқылы байланысады. Адамның мінез-құлқы және есте сақтау қабілетін өзгерту мүмкіндігі артады. «Адам денесі 3.0» пайда болады және олар белгілі бір дене пішініне ие болмайды. Адамдар қалаған уақытта қалаған нәрсені және сыртқы түрін өзгертетін мүмкіндік туады. Адамдар виртуалды әлемде өмір сүре бастайды. Бю емес интеллект бионинтеллектен миллиард есе артылатын болады. Барлық адамнан миллиард есе ақылды компьютерді 1000 долларға сатып алуға болады.

Адамдар мен роботтардың арасындағы айырмашылық онша көп болмайтындықтан адамдардың жойылып кетуі мүмкін емес. Әлем бір үлкен компьютерге айналады. Табиғи денесін сақтағысы келетіндер арнайы брондау аймағында тұрады. Адамзат жарық жылдамдығымен шектелмейтін болады. Жасанды интеллект өзінің ықпалын жер шегінен тыс күн жүйесіне, содан кейін басқа галактикаға жібереді. Жұлдыздар, планеталар және метеориттер тіршілікті қамтамасыз ететін құрылымдарға айналады. 2099 жылға қарай машиналар планеталық өлшемдегі компьютер жасайтын дәрежеге жетеді.


Дайындаған: А.ӨЛШЕР

25 - 31 наурыз

JULDYZ - JORAMAL




ТОҚТЫ
Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт тұыр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де шешіледі. Бастысы, шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.




ТОРПАҚ
Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізеніз, қолға алған жаңа жобаныз нәтижелі болмақ. Бастысы, ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.



ЕГІЗ
Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Алта бойы көңіл-күйің көтеріңі жүреді.




ШАЯН
Бұл апта қызықты сәттерге толы болады. Себебі уақытыңызды басым бөліп жеке өміріңізге айналасыз. Жұлдыздар қаржы мәселесіне жиі назар аударуға кеңес береді. Ал уақыт өлденені өзгерту жақашылдыққа жол ашады.



АРЫСТАН
Апта басында біршама жетістікке жетесіз, алдағы келенісідіңдер де кездесуі мүмкін. Барынша




шығармашылық мүмкіндігіңізді көрсетуге тырысыңыз, сол кезде өзіңізге деген сенімділігіңіз артып, жан дүниенізде тыныштық орнайды. Апта соңына қарай жауапкершілігі мол жұмыстан бас тартып, кез келген қиындықты жақындармен ақылдасқан жөн.



БИКЕШ
Апта барысында ойға алған жоспарлар жүзеге аспай, бір орында тұрып қалғандай көрінеді. Алайда бұл тұрлы, алаңдамаңыз, себебі бәрі аз уақыттың ішінде реттеледі. Сонымен қатар бұл апта кәсібіңізді дөңгелетіп, кез келген жобаны қолға алуға сәтті уақыт болады. Сондықтан барлық мүмкіндікті дұрыс пайдаланыңыз.




ТАРАЗЫ
Қызметте беделіңіз өсіп, үлкен жетістікке қол жеткізесіз. Өрі жеке өмірде де маңызды өзгерістер орын алады. Көптен армандаған жақын адамыңызды тауып, тез тіл табысып кетесіз. Апта барысында айналасыңда болып жатқан жайттардың бәрін мұқият бақылауға тырысыңыз.



САРЫШАН
Апта басында денсаулыққа аса мән берген жән. Қандай жағдай болмасын сабырлықты танытып, байыпты шешім қабылдауға тырысыңыз. Өйткені аптаның әр күні жаңа мүмкіндіктер сыйлайды. Оған қоса қаржы мәселесі де оңынан шешіліп, кәсіп бастауға мүмкіндік береді.




МЕРГЕН
Мергендерді қаржы саласында сәттілік күтеді, сондықтан табыс мәселесіне алаңдамаған жөн. Алдыңызға нақты жоспар қойып, тынбай еңбектеніңіз. Сонымен қатар кәсіби тұрғыда дамуға көңіл бөлу қажет.



ТАУЕШКІ
Дәл қазіргі уақытта дұрыс мақсат қоя білу маңызды. Өйткені жаңа жоспар сәтті мүмкіндіктерге жол ашады. Тек жұмысқа ден қойып, тынбай еңбектенсеңіз, өміріңізге нәтижелі өзгеріс енеді. Жаңа аптада әр күнге махаббат сыйлайтын жақын адамдар көбейеді.



СУҚҒЫҒЫШ
Апта жаңа кәсіп бастауға, маңызды келісімдер жасауға, ауқымды іскерлік кездесу өткізуге қолайлы. Алайда қолда бар қаржыны ұқыпты ұстаған жөн. Сондай-ақ демалыс күндері рухани дамуға, жаңа дүниелер үйренуге, жақындарыңызға көңіл бөліңіз.



БАЛЫҚ
Жаңа аптада өмірді қайта бастауға деген құлшынысыңыз артып, жаңа жобаларды қолға аласыз. Жақындардан махаббатты сезініп, өлденені түбегейлі өзгертіңіз келеді. Егер аталған бастамаларды орта жолда қалдырмасаңыз, нәтижесінде жаңа деңгейге жетуге мүмкіндік аласыз.

Кезекші редактор: А.ӨЛШЕРОВА

**АҚМЕШІТ
жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуге алынған, №13844-Г кұралы 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көкөздарсын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 6425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8536
Тапсырыс №416